

Жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі

"М.Тынышпаев атындағы АЛТ Университеті" АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі – ҚР-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, корпоративтік этика және еңбек тәртібін, Университеттің академиялық адалдық қағидаларын сақтау мәселелерін қарайтын дербес, құрылымдық бөлімшелерге тәуелсіз, Университеттің Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін орган болып табылады.

Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің **Комплаенс-офицері** өз қызметінде мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

- Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды үйлестіру;

- құқық бұзушылық, Жарғы мен ішкі тәртіп ережелерін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, қызметкерлер мен ПОҚ Ар-намыс Кодексін, білім алушылардың академиялық адалдық Кодексін бұзу фактілері бойынша Университет қызметкерлерінің, білім алушылардың өтініштерін қарау;

- Университет қызметкерлері мен білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, сондай-ақ ішкі нормативтік-құқықтық актілердің: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың, қызметкерлер мен ПОҚ Ар-намыс Кодексінің, білім алушылардың академиялық адалдық кодексінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

- Университет қызметкерлерінің, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу-білім беру саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау, Университеттің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысының бұзылуының алдын алу бойынша тәртіптік істерін қарауға қатысу.

Сіз өзіңіздің академиялық, лауазымдық, еңбек құқықтарыңыз бұзылған, ұжымда даулы жағдайлар туындаған жағдайда COMPLAINT-офицерге ұялы байланыс нөмірі (ватсап нөмірі): 8 707 97 97 097 немесе корпоративтік e-mail: b.tuletaev@alt.edu.kz, сондай-ақ № 202 қызметтік кабинетке (Педколледж ғимараты) хабарласуыңызға болады. **Сенім телефоны: 8 707 97 97 097**

Құрметпен,

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAINT қызметінің

Комплаенс-офицері

Төлетаев Болатбек Сүлейманұлы